

## **ХАТТАМА**

**Макат мұнай және газ технологиялық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау хаттамасы**

**Откізілген күні:** 12.05.2025ж

**Катысқандар:** Колледж басшысы, басшының орынбасарлары, колледж қызметкерлері

### **Күн тәртібі:**

1. Макат мұнай және газ технологиялық колледжінде жүргізілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүмысы 2025 жылдың 10.04 -12.05 аралығындағы жай –күйін талдау.

### **Сойлекендер:**

Басшының орынбасары Дадахова А.Қ

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүмысы 2025 жылдың 10 сәуір мен 12 мамыр аралығында жүргізілгенін атап өтті. Осы мәселе бойынша КР Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлықка карсы іскимыл агенттігі Төрагасының 2016 жылғы 19 қазандагы №12 бұйрығын басшылыққа алды, колледж басшысының 28.03.2025 жылғы №13 бұйрығына сәйкес «Жұмыс тобы» күрылыш бекітілген.

### **Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:**

- Басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметі
- Қаржылық-шаруашылық қызметі
- Білім беру қызметі
- Әлеуметтік-тәрбие қызметі

### **Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу барысында:**

белгіленген объектілердің жұмыстары бойынша колданыстағы заннамаларды негізге ала отырып зерделенді және жіті тексерілді, кортындысы бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок

### **Қаулы:**

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысының корытындысын тыңдай келе «Жұмышы тобының» жұмысы канагаттанарлық деп бағалансын, алдағы уақытта жұмыс жүйелі жүргізу жалғастырылсын.
2. Оқытушылар мен қызметкерлердің және студент жастардың бойында сыйбайлас жемқорлықка карсы сананы қалыптастыру жөніндегі ішшараларды жүйелі жүргізу отыру жұмыстары жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшысы:

I.M.Тасбаев

Ж. Абдолова



**«Мақат мұнай және газ технологиялық колледжі» КМҚК  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау корытындысы  
бойынша 2025 жылдың 12 мамырдағы жай-күйі туралы**

**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрагасының 2016 жылғы 19 казандагы №12 бүйрүгімен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Мақат мұнай және газ технологиялық колледжінің 2025 жылғы №13 бүйрүгіна сай сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау томендегі жұмыс тобының құрамымен жүргізілді:**

| <b>№</b> | <b>Аты – жөні</b>                   | <b>Лауазымы</b>                                    |
|----------|-------------------------------------|----------------------------------------------------|
| 1        | Тасбаев Іштұрган<br>Молдабекұлы     | Колледж басшысы                                    |
| 2        | Дадахова Асия<br>Кайржанқызы        | Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары        |
| 3        | Мұратова Нұржамал<br>Алдабергенқызы | Басшының өндірістік оқыту ісі жөніндегі орынбасары |
| 4        | Ташембаева Баян<br>Қайыржанқызы     | Кәсіподақ төрайымы                                 |
| 5        | Мәтжан Бұлбұл                       | Кадр жұмысының инспекторы                          |

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді нормативтік қамтамасыз ету**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заны;
- Тиесті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 казандагы №595 бүйрүгіна өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 бүйрүгі;
- «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 казандагы №578 бүйрүгі
- Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заны;
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және корытынды аттетаттауды өткізу дін үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі, косымша білім беру бағдарламаларын және арнайы оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім мен ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қагидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы №83 бұйрығы;
- Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру саласында білім беру қызыметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қагидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №483 бұйрығы;
- «Білімді ұлт сапалы білім беру» ұлт жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;
- Мемлекеттік степендияларды тағайындау, төлеу қагидаларын және олардың мөлшерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандығы №116 Қаулысы;
- Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет каражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне енбекакы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы;
- Мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы;
- Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектін мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қагидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысы;
- Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектін мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қагидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №689 қаулысы;
- Енбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауга, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға косымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қагидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында білім алушыға академиялық демалыстар беру қагидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №506 бұйрығы;

- Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы №39 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 6 қантардағы №2 бүйрығы;
- «Дуальды оқытуды үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қантардағы №50 бүйрығын;
- «Бюджет каражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы;
- «Мемлекеттік бюджет каражаты есебінен Қазакстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемкалар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазакстан Республикасының №414-V «Енбек Кодексі»

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты: басқару және үйымдастырушылық-кадрлық қызмет, қаржылық-шаруашылық қызмет, білім беру қызметі, әлеуметтік тәрбие қызметін коргайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оку бөлімінің үйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

#### **Басқару және үйымдастырушылық-кадрлық қызметі**

1. Мақат мұнай және газ технологиялық колледжі «Жұмыс беруші» ретінде «enbek.kz» порталында тіркелгенін, қазіргі таңда бос лауазым жұмыс орны атап беру қағидаларынан тіркелген жұмыссыз азаматтар арасынан жолдама арқылы жұмысқа жіберіп отырады. Оку орнының басшысы енбек шартымен қажетті бос лауазым орнына маманды ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ бойынша жұмысқа алып, бүйрық шыгарып тіркеп отырады. Қазакстан Республикасының 2015 жылғы 23 қараша №414-V Енбек кодексінің 34 бабы басшылыққа алынып 2025 жылғы қантар айынан бастап – 4 адам жұмысқа қабылданған. *Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.*
2. Мемлекеттік қызмет көрсету 8 бағыт бойынша жүзеге асырылады.
  - «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру багдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес;

- Техникалық және кәсіптік, , орта білімнен кейінгі білімнің білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекеленген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ корғаншылық (камкоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну»;
  - «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білімнің білім беру үйымдарына білім алушыларға жатақхана беру;
  - «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұскаларын беру» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ бірлесіп,мемлекеттік қызмет;
  - «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білімі бар кадрлары даярлауга арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурска құжаттарды қабылдау мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бірлесіп,мемлекеттік қызмет;
  - «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауга арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурска құжаттарды қабылдау мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген;
  - «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстарын беру қағидаларын бекіту туралы» білім алушыларға академиялық демалыс берілген;
  - «Білім алушыларды білім беру үйымдарының түрлері бойынша ауыстырыу және кайта қабылдау»;
- Мемлекеттік қызметту көрсету сапасы мен мерзімдері бойынша мерзімдерді бұзу фактілері анықталған жоқ.*

### **Каржылық-шаруашылық қызметі**

Колледж мұліктерінің инвентаризациялық тізімдері жасалған. Есеп бөлімі барлық каржылық операциялар, бухгалтерлік учет, бюджетті нактылау, жоспарлау 1С программасымен орындалып отыр. Колледже қажетті тауар, жұмыс пен қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы айқын және ашық электрондық түрде жүргізіледі. Колданыстағы мемлекеттік сатып алулар туралы заннамаға сәйкес, жоспарланып отырған және откізілетін барлық сатып алулар туралы акпарат Goszakup.gov.kz веб порталында көрсетілген. Шарт бойынша тауарларды уакытылы жеткізбеу және қызметтерді орындамау жағдайлары орын алған әрбір жағдайға сотқа талап арыз жолданады.

### **Білім беру қызметі**

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау КР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздагы №125 бұйрығына (КР БФМ 28.08.2020 жылғы №373 бұйрығына сәйкес өзгерістермен) сәйкес жүргізіледі. Оқытушылардың жылдық жүктемелері

олардың білімі туралы дипломдарына сәйкес бөлінді. Оку процесі оку процесінің графигіне сәйкес басталды. Сабак кестесі оку процесінің графигіне және оку жоспарына сәйкес жасақталды. Колледже білім алушылар саны-300. Білім алушылардың сабакқа қатысының есебі алғынады, мониторинг жүргізіледі.

Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қагидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 акпандагы №116 каулысы бойынша жүзеге асырылады.. *Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок*

### **Әлеуметтік-тәрбие қызметі**

Сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл бойынша шаралар жоспары Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментімен бірлесе жасақталған. «Саналы үрпак» клубы жұмыс жасайды.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қагидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 каулысына сәйкес барлық білім алушылар тегін ыстық тамакпен қамтамасыз етілуде.

Білім беру үйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қагидаларын бекіту туралы» КР білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 кантардағы №66 бұйрығы негізінде жатақханада орын бөлу жүзеге асырылады. Білім алушы онлайн портал арқылы өтініш береді, колледжден тағайындалған маман түскен электронды өтінішті порталда тіркеу, комиссия отырысына құжатты ұсыну комиссия шешімі негізінде жүзеге асады. Сондықтан жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

### **Мақат мұнай және газ технологиялық колледжінің үйымдастыруышлық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша**

- 1) *Персоналды басқару, соның ішінде кадрларды аудыстыру-* Колледждің жалпы штат саны 85 бірлікті құрайды, инженер- педагогтер саны-19. Колледж орынбасары-5 (бесеу) лауазымы, 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог бар. Колледже есеп бөлімі (3 маман), кадр бөлімі-1, мемлекеттік сатып алу-1 маман бар.
- 2) *мұдделер қақтығысын реттеу-ағымдағы жылдың жағдайы бойынша мұдделер кактығысы орын алған жок*
- 3) *мемлекеттік қызмет корсету-колледже білім саласында қатысты 8 мемлекеттік қызмет түрлері мемлекеттік қызмет корсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады-еңов порталы, ХҚКО арқылы;*

- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру- колледже рұқсат беру функциясы іске асырылмайды;
- 5) бақылау функцияларын іске асыру- колледже бақылау функциясы ISO 9001-2016 КР СМЖ ішкі аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырылады; Талдау нәтижесі бойынша құқық бұзушылыктар анықталған жок;
- 6) колледждің үйымдастыруыштық-басқаруыштық қызметтінен туындайтын өзге де мәселелер –жоқ;
- 7) колледжге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері- колледжге қатысты жоспарлы тексерістер жүргізіледі- мемлекеттік аудит, аттестациядан өту, прокурорлық тексеру, нәтижесі бойынша шаралар дер мезгілінде алынды.
- 8) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар- қызметкерлердің занга қайшы әрекеттері мен теріс іс-кимылдарын әшкөрелейтін материалдар жарияланған жок;
- 9) колледжге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері- колледж қызметкерлеріне қатысты сыйбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар тарапынан өтініштер түскен жок;
- 10) прокурорлық қадағалау актілері-прокурорлық қадағалау актілері бойынша ескертүлер болған жок.

Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында колледже жоспарлы шаралар өтіп отырады. Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желіге жасалған жұмыстар құнделікті жарияланып отырады. Әлеуметтік желіде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуін басталғаны туралы жарияланды.

#### **Корытынды және ұсыныстар:**

- 1) Білім сапасын дамыту мәселесі бойынша шараларды көбірек үйымдастыру, түсіндіру жұмыстарын жандандыру, орындалуын қамтамасыз ету.
- 2) Құжаттарды, актілерді, келісім-шарттарды жасактау кезінде қолданыстағы заңнамаларды басшылыққа алу.
- 3) Колледже көрсетілетін барлық мемлекеттік қызмет түрлерін бірынгай бір жүйе арқылы автоматтандыру
- 4) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін жан-жакты карауды қамтамасыз ете отырып, бақылауга алу.
- 5) Білім мәселесіне қатысты арыз-шагымдарға уақытылы және сапалы жауап беру, білім саласына қатысты құқықтық ағарту, түсіндіру жұмыстарын халық арасында БАҚ арқылы жандандыру
- 5) Облыстық бюджеттен бөлінген каражаттың уақтылы игерілуін қамтамасыз ету.

**Жұмыс тобы мүшелері:**

Колледж басшысы:

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:

Басшының өндірістік оқыту ісі жөніндегі орынбасары:

Көсіпдалқыштандырылымы:

Кадр жұмысының инспекторы:

Тасбаев И.М

Дадаева А

Мұратова Н

Ташембаева Б

Мәтжан Б